

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күші жойған

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 17 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 шілдеде № 5074 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімінің 2015 жылғы 2 қазандағы № 22 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімінің 02.10.2015 № 22 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 48-бабына және 50-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Жаңақорған ауданының әкімдігі жанындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының 2015 жылғы 15 шілдедегі № 10 хаттамасы негізінде, Жаңақорған ауданының аумағында қалыптасқан жағдайға байланысты елді мекендердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету мақсатында Жаңақорған ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жаңақорған ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасары С.Идирисов тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданының әкімі

Р. Рустемов